

Ақтөбе қалалық білім бөлімі
№ 27 «Айгөлек» балабақшасы

Мерекелік іс-шара:

Тақырыбы: «Қазақстан-Республикам менің»

25 қазан Республика күніне арналған

спорттық сайыс

«Қызғалдақ» ересек тобы

Тәрбиеші: Ауезова С. Х.

Музыка жетекшісі: Кулмурзин Ұ.К.

2024 о.ж.

Көңілді спорттық жарыс.

Тақырыбы: «Қазақстан Республикам менін»

Мақсаты: салауатты өмір салтын насихаттау.

Міндеттері:

Балаларды Отанын сүйуге, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру.

Отан сүйгіштікке тәрбиелеу.

Залға балалар қолдарында жалауы бар «Қазақстан Тәуелсіз ел бақыты» әуенімен кіреді.

Мерекемізді әнұранмен бастайық.

Әнұран «Менің Қазақстаным»

Жаны таза, тәні таза, елін жерін қорғайтын – деп сайысқа түскелі тұрған екі топпен танысып алайық.

1. Ұлан тобы

Женсек тасымаймыз,

Жеңілсек жасымаймыз.

Бірлігіміз жарасқан,

Ұландар тобынан жалынды сәлем.

2. Достық тобы.

Ұшактан да ұшқырмыз,

Желден озған жүйрікпіз.

Жарысуға сендермен келіп тұрған,

Достық тобы мықтымыз.

Бастаушы: Мінеки, екі топпен таныстық. Сайыста әр кезеңде басым болған топты сарапшылар анықтайды. Ал енді кезекте сарапшылармен таныс болайық.

Сайыскерлер жарысқа дайынбыз ба?

1-КЕЗЕҢ

«Киелі от» немесе «Алау»

Шарты: ойынға барлық топ мүшелері қатысады. Қызыл жалаушамен белгіні айналып келесі қатысушыға беру. Қай топ бірінші болады, сол топ жеңімпаз болады.

2-КЕЗЕҢ

«Шанырақ»

Шарты: кезекпен шығыршыққа жүгіріп барып, лентаны ұстау керек. Бәрі ұстап болған кезде жылдам шанырақты жоғары көтереді. Қай команда бірінші көтереді сол жақ жеңімпаз болады.

3-КЕЗЕҢ

«Тымақ алу»

Шарты: қолға қамшы алып, атқа мініп шауып, мына тымақты кім бірінші қамшымен көтереді. Қай команда бірінші аяқтайды, сол команда жеңіске жетеді.

Бастаушы: мінеки, үш кезеңде артта қалды. Сарапшылар ойланып қай топ басым екенін сарапқа салып ойланғанша әнімізді орындап берейік.

Ән: «Қазақ деген халқым»

Сарапшыларға сөз кезегін берейік.

4-КЕЗЕҢ

«Күн сәулесі»

Шарты: әр команданың тұсында шығыршық бар-бұл күн. Сендер жылдам қолдарыңдағы жалаушаны айналасына қойып күннің шуағын жасаймыз.

5-КЕЗЕҢ

«Шарларды жина»

Шарты: кезекпен мына башпайлардың бағытымен секіре отырып шарлары бар шығыршыққа жетіп, бір шардыалып қайтадан орнына келесің.

6-КЕЗЕҢ

«Арқан тарту»

Шарты: екі топ арқанның екі жағынан ұстап, белгі берілген соң қарсыласын өз жағына тартып алу. Қай топ басым болса сол топ жеңімпаз болады.

Бастаушы: сарапшылар ойланып шешім шығарғанша тағы да әнімізді орындап берейік.

Ән: «Біз бақытты баламыз»

Сарапшыларға сөз беру. Қатысушыларды марапаттау.

Бастаушы:

Көк байрақ!

Иілмесін, жығылмасын.

Көзге жас, көңілге мұң тығылмасын.

Тұрғанда көкшіл туың көкте қазағым.

Сен әрқашан тұғырдасың.

Республика күні құтты болсын! Еліміз тыныш, жұртымыз аман, халқымыз бақытты ғұмыр кешсін деп тілейміз.